

**АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ**



**АЛМАТИНСКАЯ АКАДЕМИЯ
ЭКОНОМИКИ И СТАТИСТИКИ**

«Қаржы» кафедрасы

**5В050900 – «Қаржы» мамандығының студенттері үшін
ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Алматы, 2018

5B050900 – «Қаржы» мамандығының студенттері үшін дипломдық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, Алматы Экономика және статистика академиясы, 2018 – 26 б.

**Авторлар: Бертаева К.Ж. - АЭСА-ның «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі
э.ғ.д., профессор
Оналтаев Д.О. - АЭСА-ның профессоры, э.ғ.к.**



**Рецензенттер: Таипов Т.А. - АЭСА-ның профессоры, э.ғ.к.
Кожаметова М.К. - АЭСА-ның доценті, э.ғ.к.**

**АЭСА-ның Оқу-әдістемелік Кеңесінің отырысында қарастырылып, бекітілген
(Хаттама № _____ 2018 ж.)**

ОӘК Төрайымы, оқу ісі бойынша проректор



МАЗМҰНЫ

	Бет.
1 Дипломдық жұмысты жазу, дайындау және қорғау тәртібі туралы жалпы ережелер	3
2 Дипломдық жұмысты орындаудың мақсаты мен міндеттері	3
3 Дипломдық жұмыс тақырыбын таңдау	4
4 Дипломдық жұмыстың құрылымы және оның қысқаша мазмұны	4
5 Дипломдық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар	8
6 Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі	13
Пайдаланылған дерек көздерінің тізімі	14
Қосымшалар	16

I. Дипломдық жұмысты жазу, дайындау және қорғау тәртібі туралы жалпы ережелер

Осы «Дипломдық жұмысты жазу бойынша әдістемелік нұсқаулық» (одан әрі қарай «Әдістемелік нұсқаулық») ҚР-сы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен бұйрығы бойынша 2008 жылғы 18 наурызда тіркелген №125 «Білім беру мекемелерінде оқытындардың үлгерімдерін аралық және қорытынды мемлекеттік аттестациялауды ағымдық бақылаудың типтік ережелері», сондай-ақ 5.03016-2009ж. ҚР-сы білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген.

Дипломдық жұмыс ҚР-сы білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына байланысты АЭСА-дағы студенттерді оқытудың қорытынды кезеңінде орындалатын дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Дипломдық жұмыс мамандық бойынша теориялық және тәжірибелік білімді тереңдетуге бағытталады, сондай-ақ ғылыми зерттеу машықтарын да қалыптастырады. Оның мазмұны студенттің ғылыми бағыттағы әдістерді қолдана алуды куәландыруы тиіс.

Дипломдық жұмыс диплом алды тәжірибе орнына сәйкес келуі тиіс.

«Әдістемелік нұсқаулық» мәліметтерінде салыстырмалы түрде оның мазмұны, құрылымы, орындау мен қорғау тәртібінің талаптары қарастырылады.

II. Дипломдық жұмысты орындаудың мақсаты мен міндеттері

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты болып мамандық бойынша теориялық және тәжірибелік білімі негізінде ғылыми-зерттеу машықтарын дарыту табылады.

Студенттің орындап отырған дипломдық жұмысы төмендегі міндеттерді көздейді:

- «Қаржы» мамандығы бойынша теориялық білім мен практикалық ұстанымдарды жүйелеу, бекіту, ұлғайту және оларды қаржылық-экономикалық, несиелік, өндірістік, әлеуметтік және ғылыми-зерттеу сипаттағы нақты тапсырмалардың шешімдерінде қолдану;

- өзіндік жұмысты жүргізу және қаржылық, несиелік, валюталық кемшіліктердің шешімдеріндегі тәжірибелеу мен тексеру әдістерін меңгеру ұстанымдарын қолдау;

- бітірушінің ғылыми шеңберін ұлғайту және экономикалық ойлау қабілетінің кең ауқымдылығына жету.

Дипломдық жұмыстарды дайындау барысында бітіруші төмендегідей талаптарды орындауы қажет:

- тақырыптың түсінігі мен маңыздылығын дәйектеу;
- таңдалған тақырып бойынша қойылған сұрақтарды теориялық зерттеу;
- нақты қорытындыларды құрастыру мақсатында белгілі бір мерзімде жиналған мәліметтер бойынша зерттеу объектісінің жағдайына кешенді қаржылық-экономикалық талдау жүргізу;

- қаржы-несиелік және валюталық саясатты жетілдіру үшін құрастырылған әдістер мен жолдарға дәйектеме;

- несиелік және валюталық саясаттың қаржылық механизмін жетілдіруде және тұжырымды дәйектеуде, ұсыныстарды негіздеуге арналған экономикалық математикалық есептерді және логикалық схемалар мен диаграммаларды қолдану;

- аяқталған жұмыс нысанындағы зерттеу қорытындыларын өзіндік және экономикалық анықтылық түрінде ашып көрсету;

- аяқталған дипломдық жұмысты, оған берілген ғылыми жетекшінің пікірімен қоса оны қорғау күніне дейінгі 10 күннен кешіктірмей кафедраға ұсыну қажет;

- дипломдық жұмысты сыртқы оппонентке (рецензентке) бағыттау кафедра меңгерушісінің қорғауға жіберу туралы қолынан соң қорғауға дейінгі 10 күннен кешіктірмей жазбаша рецензиясын алуы керек;

- баяндама және қорғауға ұсынылатын кесте-сурет түрінде безендірілген материалдар әзірлеу;
- Мемлекеттік Аттестациялық комиссия алдында дипломдық жұмысты қорғау.

III. Дипломдық жұмыс тақырыбын таңдау

Дипломдық жұмысты орындауды нақты әрі уақытылы жоспарлау оның сапасы мен сәтті қорғауына әсер етеді. Дипломдық жұмысты жазуды ұйымдастырудың негізгі аспектілері болып тақырыпты таңдау, күнтізбелік-жоспарды құру, жазу және оны сақтау, дипломдық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар табылады.

Дипломдық жұмыс тақырыбын таңдау шығарушы кафедра бекіткен тақырыптар ішінен жүргізіледі. Күндізгі бөлімнің студенттері үшін дипломдық жұмысты таңдау **диплом алды тәжірибеге дейін**, ал сырттай және кешкі бөлімнің студенттері үшін соңғы сессия уақытында жүргізіледі. Дипломдық жұмысты таңдау бітірушінің теориялық дайындығы, ғылыми қызығушылығы, диплом алды тәжірибе орны және жұмыс орны (сырттай және кешкі бөлімнің студенттері үшін) бойынша жүзеге асырылады. Студент өзі ұсынған тақырыпты таңдай алады, тек ол тақырып қажетті деңгейде теориялық және тәжірибелік жағынан өзекті, маңызды болған жағдайда және кафедра меңгерушісінің рұқсатымен. Дипломдық жұмыс тақырыптары, оның ғылыми жетекшімен бекітілуі кафедра отырысында бекітіледі. Тақырып таңдауда мамандықты, таңдап отырған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын ескеру қажет.

Дипломдық жұмысты таңдау бойынша кафедра меңгерушісінің атына **өтініш** жазылады (**А қосымшасы**). Осы өтініш негізінде кафедра меңгерушісі бітіруші студентке дипломдық жұмыс жетекшісін тағайындайды.

Ғылыми жетекші студентке келесідей ғылыми-әдістемелік көмек көрсетуі тиіс:

- тақырып таңдауға, дипломдық жұмыстың жоспарын әзірлеуге;
- бітіруші студентпен бірлесе отырып дипломдық жұмыстың күнтізбелік жоспар-графикін құруға (**Б қосымшасы**). Күнтізбелік жоспар-график ғылыми жетекші мен студенттің ортақ жұмысын анықтайтын құжат болғандықтан, **ол дипломдық жұмысқа тіркелмейді**;
- дипломдық жұмыстың мазмұнына қатысты библиографиялық, статистикалық және басқа да әдебиет көздері бойынша сұрақтарға кеңес беруге;
- аяқталған дипломдық жұмысқа пікір жазуға және онда дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны мен қойылатын талаптарға сәйкестігін көрсетуі қажет (**3 қосымшасы**).

IV. Дипломдық жұмыстың құрылымы және оның қысқаша мазмұны

Өзінің мазмұны бойынша дипломдық жұмыс, арнайы бір мамандық бойынша жоғарғы оқу орнын бітірушінің өз бетінше еңбектенген ғылыми дәрежедегі қолжазба түріндегі жұмысы болып табылады.

Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

- дипломдық жұмыстың сыртқы беті;
- титулдық парақ;
- дипломдық жұмысты орындау бойынша тапсырмалар;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (тұжырым);
- пайдаланылған әдебиеттер мен басқа да көздердің тізімі;
- қосымшалар.

Титулдық бет дипломдық жұмыстың алғашқы беті және құжатты іздеу мен өңдеуде қажетті ақпарат көзі болып табылады.

Титулдық бетте келесідей мәліметтер келтіріледі:

- дипломдық жұмысты орындауда пайдаланылған ұйымның атауы;
- шектелетін гриф (оның қажеттілігі негізінде);
- жұмыс түрі – дипломдық жұмыс;
- дипломдық жұмыс тақырыбының атауы «тақырыбы:» көрсетілуі бойынша;
- мамандық шифры мен оның атауы;
- сол жағынан - «орындаған» сөзі, оң жағынан қарама-қарсы студенттің тегі мен аты-жөні жазылады;
- бір жол төмен «ғылыми жетекші» жазылады және тұсына оның тегі мен аты-жөні және ғылыми атағы мен дәрежесі, басқа да белгілері көрсетіледі;
- қала, жыл.

Дипломдық жұмыстың мазмұнына кіріспе, реттік номерлері және барлық бөлімдер, бөлімшелер, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі және де номерленген қосымшалар кіреді.

Кіріспе дипломдық жұмыстың тақырыбы бойынша нақты дәйектемелерді, ғылыми жаңашылдықтар мен тәжірибелік маңыздылықты, ғылыми мәселелерді шешудің қазіргі жағдайын бағалауды қамту керек, сонымен қатар дипломдық зерттеуде нақты мақсаттар, міндеттер және объектісі қалыптасып, дипломдық жұмысты жазуда теориялық пен әдістемелік негіз бейнеленіп, тәжірибелік мағлұматтар толық түрде қарастырылуы тиіс.

Кіріспеде автор орындалатын жұмыстың әдістемесін (әдістер жүйесі), таңдалған тақырыптың құрылымдық деңгейін, оның маңыздылығын негіздеп, тақырып бойынша зерттелмелі жұмыстың объектісі мен затын және осы жұмыстың практикалық маңыздылығын атап көрсетуі қажет. Әдетте «Кіріспе» дипломдық жұмыстың келесі бөлімдерінің қысқаша түсінігін көрсетумен аяқталады. Атап айтқанда, **кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсаты, міндеттері, зерттеу объектісі, зерттеу пәні, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы және апробациясы** міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Бұл көрініс жұмыстың мазмұнын оқырман толық түсінігін көре алатындай етіп жүргізілуі керек. **Кіріспе көлемі – 3 бет.**

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, мазмұнын, әдістемесі мен негізгі қорытындыларды бейнелейтін мәліметтер келтіріледі.

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімі, ереже бойынша бөлімдер мен бөлімшелерге бөлініп жазылады.

Жұмыстың бірінші бөлімі тереңдетілген білім негізінде тақырып бойынша әдебиеттік және нормативтік-құқықтық көздерден алынған теориялық негіздемедегі негізгі позициялардың сұрақтарын және де жоғарыда көрсетілген сұрақтар бойынша әртүрлі көзқарастардың синтезін есепке ала отырып, оның ғылыми біріктірілген нәтижелерін терең қарастыруға бағытталады. Автор қарастырылып отырған мәселелерге өзіндік көзқарастарын негіздеу іс-әрекеттерін жасап, олар бойынша өз ойларын дәлелді түрде ашып көрсетуі қажет. Дипломдық жұмыстың бірінші бөлімі **20-25 бет** (шеңберінде) көлемінде болуы керек.

Дипломдық жұмыстың екінші бөлімінде автормен қарастырылып отырған объектінің соңғы жылдар (3 жыл) ішіндегі қаржылық қызметін сипаттайтын, фактілік анықтамаларға талдау жүргізгендегі негізгі нәтижелер өз кезегімен және логикалық түрде көрсетіледі. Осыған байланысты студент қарастырылып отырған объектінің құрылымын және қаржылық тенденцияларын, өсу (кему) қарқынын көрсететін негізгі көрсеткіштерді тауып, оларды өз бетінше есептеуі қажет және де осының негізінде өзімен жүргізілген аналитикалық жұмыстың негізгі қорытындыларын кешенді, жинақы түрде ашып көрсетуі қажет. Бұл бөлім, бітірушінің аналитикалық және практикалық жұмыстарының білімділік деңгейін дұрыс бағалауда үлкен мүмкіндік беретіндігін автордың естен шығармағаны жөн, дипломдық жұмыстың екінші бөлімінің көлемі **25-30 бет** болуы керек.

Бірінші және екінші бөлімдерде қолданылған материалдар негізінде бітіруші дипломдық жұмыстың үшінші бөлімінде арнайы түрде көрініс табатын Қазақстан Республикасындағы қаржылық механизм, валюталық және несиелік саясаттың іске асырылуын жетілдірудің негізгі жолдары мен әдістерінің негізін жасауы қажет. Үшінші бөлімнің көлемі **20-25 бет**.

Қорытынды бөлімде қатаң түрде автордың теориялық-әдістемелік және тәжірибелік мәселелерде туындаған күрделі сұрақтарға, зерттеулер мен ізденістер арқылы анықталған нақтылы қысқаша тұжырымдары айтылады. Сонымен қатар, ұсынылған қорытындылар жүргізілген зерттеулердің нәтижесінен шығу керек қағидасына негізделеді. Қорытынды көлемі – **3 бет**.

Қорытындыда дипломдық зерттеудің нәтижесі бойынша қысқаша тұжырымдамалар, қойылған міндеттердің толық шешімін бағалау, зерттеу объектісі бойынша нақты кеңестер мазмұндалуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптар бойынша рәсімделеді.

Қосымшаларға жұмыстың негізгі бөлімінде көрсетілмеген дипломдық зерттеумен байланысты мәліметтер кіреді.

Дипломдық жұмыста қабылданған шешімдерге, барлық мәліметтердің нақтылығы мен объектілігіне басты жауапкер студент – дипломдық жұмыстың авторы.

Кафедра дипломдық жұмыстың тақырыптар тізімін қалыптастыру кезінде «Қаржы» мамандығы студенттерге білім беру процесін және оқыту жоспарының ерекшеліктерін және кафедраның фундаменталдық пен іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарды орындау бойынша қызығушылықтарын ескереді. Ғылыми Кеңестің мәжілісінде мақұлданған және бекітілген дипломдық жұмыстардың тақырыптар тізімі бітіруші курстың студенттеріне, өзіне сәйкес тақырыпты таңдау үшін беріледі. Өз бетінше таңдау септігімен студент өзінің тәжірибелік қызметінде (егер ол сырттай бөлімде оқыса) және өндірістік тәжірибеден (дипломалды) өту орнының сипатын есепке ала отырып, таңдалған тақырыптың бағытын және зерттеу объектісі мен редакциялық бағытталуын өзгерту бойынша өзінің негізделген ұсыныстарын енгізе алады.

Студент дипломдық жұмыстың тақырыбын берілген тақырыптар тізімінен таңдап алады.

Студентке дипломдық жұмыстың тақырыбын тақырыптар тізімінде жоқ тақырыптардан алуға құқық беріледі. Студент бұл жағдайда кафедраға таңдаған тақырыбы бойынша толыққанды дәйектемелер немесе таңдаған тақырыбында қарастыратын мекеменің атынан хат жолдайды.

Сырттай бөлімде оқытындарға дипломдық жұмыс тақырыбын кәсіпкерлік мүмкіндікке лайықтап таңдауына рұқсат беріледі.

Дипломдық жұмыс тақырыбы студентке бітіруші мерзімнің соңғы жылының басында беріледі және жоғары оқу орныны ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Дипломалды тәжірибе біткеннен кейін диплом жұмысының тақырыбы кафедраның ұсынысы бойынша өзгертілуі, нақтылануы, реттелуі мүмкін.

Таңдалған және кафедраның толық мақұлданған тақырыбын, студент кафедра меңгерушісінің атына жазған өтінішінде көрсетеді (**А қосымшасы**). Кафедра меңгерушісімен тіркелген бұл арыз негізінде академия бұйрығы бойынша жұмыстың жобасы құрастырылады, мұнда студенттің толық аты-жөні, ғылыми жетекшісі және дипломдық жұмыстың тақырыбы көрсетіледі. Бұл бұйрыққа академияның вице-президентті қол қойған соң дипломдық жұмыстың тақырыбы өзгертілмейді. Оны өзгерткен жағдайда берілген дипломдық жұмыс қорғалғаннан кейін архивке қабылданбайды, ал ол өз кезегінде университетті бітіргені туралы дипломды алуға қиыншылықтар туғызады.

Қажет болған жағдайда дипломдық жұмыстардың ғылыми жетекшілігін іске асыру үшін қаржылық құрылымда ғылыми деңгейі мен тәжірибелік біліктілігі бар жоғары білімді мамандар шақырылуы мүмкін.

Ғылыми жетекші дипломдық жұмысты даярлау бойынша тапсырмаларды құрастырады.

Ғылыми жетекшінің міндеттеріне мыналар кіреді:

- дипломдық жұмыстың жоспарға сәйкес орындалуын бақылау;
- тақырыптың негізгі бөлімдердің әзірлік деңгейін кезеңдері бойынша тексеру;
- дипломдық жұмыс бойынша кемшіліктерді шығару және оларды жою жұмыстары;
- дайын және өзінің қолы қойылған жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысы басталмай, **10-15 күнге дейін өткізуді** қамтамасыз ету.

Жоғарғы мектеп талаптарына сай келетін дипломдық жұмысты қорғауға деген ұсынысымен ғылыми жетекші өзінің ресми пікірін береді.

Осыдан кейін кафедра меңгерушісімен тіркелген дайын дипломдық жұмыс сарапшылардың рецензиясын алуға жіберіледі. Рецензенттердің тізімі шаруашылық-экономикалық органдар мен ғылыми мекемелердің мамандар қатарынан алынып, жіберуші кафедра меңгерушісінің бағыты бойынша академия вице-президентінің бұйрығымен бекітіледі. Рецензенттер мынадай өлшемде тексеру мен бағалау жұмыстарын жүргізеді:

- қарастырылып отырған сұрақтардың маңыздылығы мен жаңалығы;
- мәселенің құрылымы мен зерттеу дәрежесі;
- теориялық ғылыми-зерттеу сұрақтарды және де фактілік материалдарға жүргізген талдауларды толық қамтуы;
- автордың қорытындылары мен ұсыныстарының негіздемесі және олардың тәжірибеде қолданылу мүмкіндігі;
- орындалған жұмыстың әдістемелік базасы, баяндау логикасы мен стилі;
- жүргізіліп отырған стандарттар мен дипломдық жұмысты рәсімдеу ережелерінің толық сақталуы.

Қорытынды кезеңде дипломдық жұмысқа бітіруші, ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі қол қояды және оның шешімі бойынша қорғауға жіберіледі.

Жоғарыда көрсетілген пікірлер мен міндеттерге сәйкес келмейтін дипломдық жұмыс қорғауға жіберілмей, ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісінің келіспеушілігімен бітірушіге қайта өңдеуге қайтарылады.

Бастапқыда студент экономикалық әдебиеттер жинағына шолу жасап және күрделі мәселелерді анықтай келе жұмыстың жоспарын құрастырады. Қандай да болмасын зерттеулер библиографиялық шолудан басталады.

Ғылыми әдебиетпен жұмысты бастамас бұрын оның толық мазмұны мен мағынасына көз жеткізген абзал. Бұл дегеніміз оқылған материалдарды шығармашылық қайта өңдеу деген сөз. Бұл қазіргі жағдайда маңызды роль атқаратын материалдарға сынаушылық көзқарастың дамуына септік болады.

Әдебиет көздеріне сынаушылық көзқарастарды бітіре келе, студент осылар бойынша және қарастырылатын ғылыми-әдістемелік сұрақтар бойынша өзіндік қорытындысын қалыптастырып, сонымен қатар оның негізінде жиналған фактілік (алғашқы, статистикалық, кестелік және т.б.) материалдарды талдауға көшу қажет.

Өзінің жоспар-сызбасына сәйкес орындалған алғашқы нұсқадағы жасалған дипломдық жұмыс ғылыми жетекшіге ұсынылады, оны зер салып оқығаннан кейін сол жұмыстың кемшіліктерін және жетіспеушіліктерін анықтайды. Түзетілген дипломдық жұмыс енді Мемлекеттік Аттестациялық Комиссия отырысында қорғауға рұқсат беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін ғылыми жетекшіге қайта қарастыруға ұсынылады. Егер ғылыми жетекші жұмыстың теориялық-әдістемелік, аналитикалық және

мазмұндық деңгейі әлі де берілген талаптарға жауап бермейді деп санаса, онда ол жетекшінің дәлелді айтылған ескертпелеріне сәйкес авторға қайта жөндеуге қайтарылады.

V. Дипломдық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Дипломдық жұмыс қандай да болмасын басылымдарда жазу машинкаларында немесе компьютердің қолданылуымен А4 (210x297) форматындағы ақ парақтың стандартты беттерінде **бір интервалмен** басу құралында басылып шығады. Шрифт «**Times New Roman**», **14-ші кегль**. Дипломдық жұмыстың көлемі – **70-90 бет**.

Дипломдық жұмыстың мәтіндерін мына берілген бет өлшемі талаптарымен басып шығаруы шарт: **сол жақ – 30 мм, жоғарыдан – 20 мм, оң жақ – 10 мм, төменнен – 25 мм**.

Компьютер құрылымының түрлі белгілерін мазмұнды кестелер, суреттер, сызбалар, схемалар түрінде болатын бейнелік материалдарын қолдануға толық мүмкіндік бар.

Алайда дипломдық жұмыстың безендірілуі мен басып шығарылуы қаншалықты жоғары сапада болғанымен де, қойылған талаптарды толығымен сақтауы тиіс.

Дипломдық жұмысты әзірлеу барсында табылған бұрыс басылымды, қателерді және графикалық дәлсіздіктерді тазартқышпен немесе ақ бояумен және сол жерге машинамен басу әдісімен (графиктерді) немесе қолжазба түрінде (қара сиямен, не қара тушпен) түзетуге рұқсат беріледі.

Дипломдық жұмыстағы тегі, мекеменің, ұйымның, фирманың аттары, өнімнің аталуы және басқа да жалқы есімдер атаулары түрнұсқа тілінде келтіріледі.

Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтерінің атаулары «Мазмұны», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыбы ретінде қолданылады.

Дипломдық жұмысты бөлімдер мен бөлімшелерге бөлу қажет. Әрбір бөлімдер және бөлімшелер өзіндік бір ақпаратты баяндауы қажет.

Бөлімдердің атаулары жалпы дипломдық жұмыстың тақырыбын айшықтаса, ал бөлімшелердің атаулары сәйкесінше бөлімдердің мазмұнын баяндауы тиіс.

Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптарын азат жолдан, соңына нүкте қоймай, астын сызбай басып жазу керек (**Е қосымшасы**).

Ал егер де тақырып екі сөйлемнен тұрса, онда олар нүкте арқылы бөлініп жазылады.

Дипломдық жұмыстың беттік сандарын араб цифрларымен белгілеп, беттің соңына дейін жалғасуы тиіс. Беттік сандар парақтың төменгі бөлігінің ортасына, нүктесіз қойылады.

Титульдік бет дипломдық жұмыстың жалпы санының қатарына қосылады. Титульдік бетте беттік нөмірлер көрсетілмейді.

А3 форматындағы кестелер және суреттемелер бір бет болып есептелінеді.

Дипломдық жұмыстың бөлімдері бүкіл құжаттың шегінде араб цифрымен жазылған реттік нөмірмен және нүктесіз белгіленеді. Бөлімшелер әрбір бөлімдердің шегінде нөмірленіп отырады. Бөлімшелердің нөмірі бөлімдер мен бөлімшелердің нөмірінен тұрады және олар нүкте арқылы бөлінеді. Бөлімшелер нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Әрбір бөлімдер екі немесе одан да көп бөлімшелерден құралуы мүмкін.

Мысал: Тақырыбы «Банктегі маркетинг қызметін жетілдіру («Темірбанк» АҚ материалдарында)»

Кіріспе	3
1 Банк маркетингінің теориялық аспектілерінің дамуы	
1.1 Банк маркетингінің мәні және оны ұйымдастыру қағидалары	6
1.2 Банктерде маркетингтің ерекшеліктері	17
1.3 Шет мемлекеттерде банк маркетингі дамуының тәжірибесі	26
2 «Темірбанк» АҚ-ның маркетинг қызметін талдау	
2.1 Жалпы сипаттама және банктің негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдау	37
2.2 Банктің маркетинг қызметі дамуының деңгейін зерттеу	47
2.3 Банктік қызмет көрсету нарығында «Темірбанк» АҚ-ның бәсекелестік ұстанымын бағалау	57
3 «Темірбанк» АҚ-ның маркетинг қызметін жетілдіру	
3.1 Банктегі маркетингті стратегиялық жоспарлау	67
3.2 Банк маркетингін жетілдіру бағыттары	77
Қорытынды	87
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	90
Қосымшалар	92

Дипломдық жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелерін рәсімдеу үлгісі (БМЖБС (ГОСО) 8.13 пункті)

2 Қазақстан Республикасы салық жүйесін дамуын бағалау критерийлері

(1жол)

2.1 Тікелей және жанама салықтардың қызмет етуін талдау

(1жол)

Мәтін

(2жол)

2.2 Әуезов ауданы бойынша салық басқармасының фискалдық саясаты

Дипломдық жұмыстың әрбір бөлімдерін жаңа парақтан (беттен) бастаған дұрыс. Ал, бөлімшелер болса өзара бөлімдерден екі жол аралықта бөлініп отырады.

Иллюстрациялар (сызбалар, кескіндер, графиктер, үлгілер, диаграммалар, фотосуреттер) мазмұнды текстен кейін немесе келесі беттен қойылады.


Иллюстрациялар компьютердің көмегімен, сонымен қатар **түрлі-түсті түрде** болуы мүмкін. Дипломдық жұмыстағы барлық иллюстрацияларға сілтемелер болу керек.

Дипломдық жұмыстағы сызбалар, кескіндер, графиктер, үлгілер, иллюстрациялар, диаграммалар Біріңғай конструкторлық құжаттама жүйесінің мемлекеттік стандартына (БКҚЖ) сәйкес орындалуы қажет.

Қосымшадан басқа иллюстрациялар реті бойынша араб сандарымен нөмірленеді.

Егер де сурет бірінші болса, онда ол «**1 сурет**» болып жазылады. «**Сурет**» сөзі және оның тақырыбы жолдың ортасына қойылады.

Иллюстрацияларды бөлім бойынша нөмірлеуге болады. Бұл жағдайда, иллюстрацияның нөмірі бөлім нөмірі мен реттік нөмірден және арасын нүкте бөліп тұрады. Мысал:



1 сурет. Қаражаттардың жалпы қорының әдісі

Ескерту – [21] дерек көзі бойынша автормен құрастырылды

(1жол)

Қажет болған жағдайда иллюстрацияларға тақырыпшалар беріледі және анықтама деректері жазылады (суретасты мәтін). «Сурет» сөзі және суреттің тақырыбы суретасты мәтінінің алдында мына тәртіп бойынша қолданылады.

Мысал:

(Кесте мен мәтіннің арасы 1 жол)

1 кесте

Қазақстанның ұлттық салық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері

(Кесте мен мәтіннің арасы 1 жол)

Кезеңі	Ұлттық салық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы кезеңінің мақсаты	Салық қатынастарын басқарудың стратегиясы мен тактикасы	Орталықтандыру деңгейі	Қол жеткізілген (күтілетін) әлеуметтік-экономикалық нәтижелер
1	2	3	4	5
Бірінші кезең 1991-1994	Мемлекеттің кіріс бөлігін қалыптастыратын ұлттық салық жүйесін құру.	Ағымдағы және қысқа мерзімдегі міндеттерді шешуге бағытталады.	Төмен	Біртұтас ұлттық салық жүйесі құрылды. Салық салу базасы төмендеді.

1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Екінші кезең 1995-1998	Макроэкономикалық тұрақтандыру мен бюджеттің кіріс бөлігін максимизациялауға қол жеткізу	Қысқа және орта мерзімдегі міндеттерді шешу. Орта мерзімді міндеттерге бағдар беру.	Орта	Экономикалық өсу үшін негіз болатын макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу.

Ескерту - [21] дерек көзі бойынша автормен құрастырылды

(2жол)

Кестелер көрнекілік ретінде көрсеткіштерді салыстыру мақсатында қолданылады. Кестелердің атаулары оның мазмұнын ашу керек, дәл және қысқаша болуы тиіс. Кестелердің атауын кестеден жоғары, «1 кесте» сөзінен кейін жаңа азат жолдан бастап жазылуы керек.

Кестені тікелей өзіне арналған мәтіннен кейін немесе келесі жаңа парақтан бастап орналстыру қажет.

Дипломдық жұмыста барлық кестелерге сілтемелер болуы тиіс. Сілтеме қоюда «кесте» сөзі мен оның нөмірін қоса көрсетіп жазу қажет.

Ауқымды жолдары бар кестені келесі, жеке беттен (парақтан) орналастыруға болады. Бірінші парақтан асқан кесте түрлері келесі параққа көшіріледі, көшіру барысында кесте тақырыбы алғашқы парақта қалып, келесі парақтың сол жақ басына «жалғасы» деп кестенің номері жазылуы тиіс, мысалы: «1 кестенің жалғасы». Кестелерді келесі параққа (бетке) көшіру барысында тек қана бірінші бөлігінің кесте тақырыбы ғана ауыстырылып отырады. Кестенің аз бөлігін келесі параққа көшіруде кестені шектейтін төменгі көлбеу сызық сызылмайды.

Графалары көп мөлшердегі кестелер түрі толығымен қосымшаға енгізіледі. Егер де кестенің мәтіні басқа жолдарда (графаларда) қайталанып келетін болса, онда ол бірінші жазылғаннан соң, тырнақшаға алына отырып жазылады; егер де қайталанған мәтін екі немесе одан да көп сөзден тұратын болса, мәтінді «сонымен» сөзімен жазып, одан әрі тырнақшаға аламыз. Қайталанып тұрған сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық символдар тырнақшаға алынбайды. Егер әріптік немесе басқа да мәліметтер құрылған кесте жолдарында келтірілмесе, онда ол сызықша арқылы жазылады.

Қосымшадағы кестелерден басқа кестелер толығымен құжат бойынша ретімен араб сандарымен нөмірленуі тиіс. Дипломдық жұмыстың тақырыбының мазмұны мен мінездемесіне байланысты кестелердің саны 4-6 кем болмауы тиіс.

Кестенің бағамдары мен жолдарының атаулары жекеше түрде бас әріппен жазылады, ал бағамның тақырыпшалары жазбаша түрде кішкене әріптермен, егер олар бағам атауларынан кейін оны қайталап тұрса немесе бас әріппен, егер өзіндік мағынасы болса. Кестенің тақырыбы мен тақырыпшасынан кейін нүкте қойылмайды.

Кестелер сол, оң және төменгі жағынан, белгіленген тәртіпте, сызықпен шектелуі тиіс. Кестелердегі мәтіндер әріп мөлшерін, кестеден тыс жазылған мәтіндерден кіші алуға болады.

Бағамдардың тақырыптары, белгіленген тәртіпте кесте жолымен қатарлас жазылады. Қажет болған жағдайда бағамдардың атын перпиндикуляр орналастыруға рұқсат етіледі. Кестенің басқы бөлігі кестенің қалған бөлігінен жеке сызықпен бөлінуі тиіс.

«Ескерту» сөзі бас әріппен, азат жолдан жазылып және асты сызылмайды.

Дипломдық жұмыста мәтіндер, кесте немесе графикалық материалдарға түсінік, не анықтамалық мәліметтер қажет болған жағдайда ескерту енгізіледі.

Ескертуді мәтіннің соңында, графикалық материалдан кейін немесе сол ескертуге қатысты кестеге орналастырады. Егер жазылған мәтінде ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер араб сандарымен рет – ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескертулер, кестенің соңғы аяқталатын сызықтың үстінен жазылады.

Формулалар және теңдеулерді мәтіннен бөлек, жеке жолға бөліп көрсеткен жөн. Әрбір формулалар және теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бос орын, бір жолдан кем болмау қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу теңдік таңбаларынан кейін (=) немесе қосу белгісінен кейін (+), алу (-), көбейту (*), бөлу белгісі (/) немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталанады.

Символдар мен сандық коэффициенттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріп, формулада берілген бірізділікпен жүргізілу керек.

Дипломдық жұмыстағы формулаларды реттік нөмерлерімен дөңес жақшаға ала отырып, араб сандарымен оң жақтаудан бір жолға жазып отырамыз.

Мәтіндегі формулалардың реттік нөміріне сілтеме жақшаға алынып жасалады. Формулаға мысал.

Формулаларды әр бөлім шегінде нөмерлеуге болады. Мұндай жағдайда формула нөмерлері нүкте арқылы бөлімнің нөмерлерімен формулалардың реттік нөмерінен тұрады, мысалы (3.1).

Мысал:

$$Y=C(Y-T)+I(r)+G + NX (e) \quad (IS) \quad (1)$$

$$M/P = L (r Y) \quad (LM) \quad (2)$$

$$r = r^* \quad (BP) \quad (3)$$

мұндағы, Y – жиынтық табыс;

C – тұтыну сомасы; I – инвестициялар; G – мемлекеттік сатып алулар; NX – таза экспорт; r – пайыз мөлшерлемесі; M/P – нақты сипаттағы ақша ұсынысы; e – айырбас бағамы; L – сұраныс.

Пайдаланған дерек көздеріне **сілтемелер** квадратты (шаршылы) жақшаға алынады [2, 5 бет].

Дерек көздері туралы мәлімет дипломдық жұмыс мәтіндегі дерек көздерінің сілтемелерінің жасалу реті бойынша орналасу керек. Азат жолдан бастап, араб сандарымен нүктесіз нөмірленеді. Мұндай сілтемелер (дерек көздер) 20-25 жуық болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

(1 жол)

- 1 Яковлев Р.А. Оплата труда на предприятии. М.: Центр экономики маркетинга, 1999. - 264 с.
- 2 Бертаева К.Ж. Валютный рынок и валютные операции. – Алматы: Экономика, 2000. – 47 с.
- 3 Ажибаева З.Н. Аудит: Учебник. – Алматы: Экономика, 2004 – 333 с.
- 4 Годовая финансовая отчетность, отчетность по труду ТОО «Парасат» за период 2006-2008 гг.
- 5 Национальный стандарт финансовой отчетности (НСФО) № 2. Утвержден приказом Министра финансов РК 21 июня 2007. г. № 217, введен в действие с 01.01.2008 г.
- 6 МСФО 19 "Вознаграждения работникам" от 13.10.2003 г. (с изменениями 2004 г.)

7 Дурановская Г., Митюгина Г. Исчисление заработка при различных формах оплаты и режимах работы. – Алматы: Издательский дом "БИКО", 2006 - __с.

8 Закон Республики Казахстан "Об аудиторской деятельности" от 5 мая 2006 г. № 139-ІІс дополнениями и изменениями на ____ 2011 г.

9 Закон Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28 февраля 2007 г. № 234-ІІІ ЗРКс дополнениями и изменениями на ____ 2011 г.

10 Альмухаметова Т. Применение коэффициента повышения при исчислении средней заработной платы // Бюллетень бухгалтера. № 32 август 2006г. С. 25-29

25 дерек көзінен кем емес болуы тиіс

Ескерту.

1. Егер, жұмыс жай ғана көрсетілсе, яғни автор мен оның жұмысына сілтеме жасалынып қана қойса, онда жұмыстың жалпы беті көрсетіледі - Назарова В.Л. Бухгалтерский учет в отраслях. – Алматы: Экономика, 2005. – 147 б.

2. Дәйексөз (цитата) жасалынған жағдайда жұмыстың авторы, атауы және жұмыстың жалпы көлемі емес, ал нақты беті көрсетіледі - Альмухаметова Т. Применение коэффициента повышения при исчислении средней заработной платы // Бюллетень бухгалтера. № 32 август 2006г. С. 25-29

3. Заңдар шыққан датасы мен нөмірі бойынша көрсетіледі. Егер заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, онда сол заңға енгізілген ең соңғы өзгертулер мен толықтырулардың датасын көрсету шарт.

Қосымшалар осы дипломдық жұмыстың жалғасы ретінде келесі парақтарына рәсімделеді.

Дипломдық жұмыстың мәтінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс. Қосымшалардың реті мәтіндегі сілтемелер ретіне қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып, «Қосымша» сөзі атауымен беттің жоғарғы жағында көрсетілуі тиіс.

Қосымшаның тақырыпшасы болуы қажет, ол жеке жолға, мәтінге симметриялы түрде бас әріппен жазылады.

Қосымшалар дипломдық жұмыстың қалған бөлімдерімен байланысатын ортақ нөмерлері болуы тиіс.

VI. Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі

Бітіруші аяқталған дипломдық жұмысты алдын-ала қорғау процедуралары үшін кафедраға өткізеді (**дипломдық жұмысты қорғау күнінен 15-20 күн бұрын**).

Дипломдық жұмысты алдын ала қорғауға ұсыну тәртібі, бітірушінің кафедраға тапсырған қорғау алды жұмыстарынан басталады.

Ғылыми жетекші дипломдық жұмысқа жазбаша түрде **пікір жазады (3 қосымшасы)**.

Дипломдық жұмыс қабылданған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қойып және қорғауға жіберілгендігі туралы жазбаша пікірмен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады.

Дипломдық жұмыс қабылданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ жазбаша пікір жазады және онда ол қорғауға жібермеудің себебін көрсетеді.

Осы материалдардың негізінде кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысқа нақты соңғы тұжырымын шығарады да, оны титульдік бетіне жазады.

Егер кафедра меңгерушісі студенттің диплом жұмысын қорғауға жіберуге болмайды деп шешсе, бұл сұрақ студент пен ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедра мәжілісінде қаралады. Бұл жағдайда кафедра мәжілісінің хаттамасы академияның вице-президентіне бекітуге ұсынылады.

Дипломдық жұмыстарды автор мен дерек көзіне сілтемесіз жазу (плагиатқа дипломдық жұмыстарды тексеру) бакалавр бойынша білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

Бітіруші кафедраның қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыс, **ғылыми жетекшінің пікірімен сын-пікір** жаздыруға жіберіледі (**Ж қосымшасы**).

Бітірушілер кафедрасының меңгерушісі ұсынған ғылыми ұйымдар мен өндірістің мамандарынан тұратын сын-пікір берушілер тізімі оқу-жұмысы бойынша проректордің бұйрығымен бекітіледі. Басқа да жоғары оқу орнының профессорлары, доценттері және оқытушылары рецензент бола алады.

Сын - пікір жазып берушілердің міндетті түрде базалық жоғары білімі болуы тиіс немесе қорғалатын дипломдық жұмыс тақырыбының саласынан, ғылыми атағы, академиялық дәрежесі болуы міндетті.

Сын - пікір жазушы дипломдық жұмысқа жазбаша пікірін ұсынуы қажет, онда тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы және зерттелген тақырыптың тәжірибелік маңыздылығы, дипломдық зерттеудің тақырыбы, **академиялық дәреже немесе мамандықты беру бойынша маманды кәсіби даярлауға сәйкес келуін бейнелейді.**

Ғылыми жетекшінің қорғауға жіберген, бірақ рецензия жазушының F – «қанағаттанарлықсыз» деп бағалаған диплом жұмысы жалпы жағдаймен қорғалады.

Ғылыми жетекшінің пікірі, сын - пікір және қорғауға жіберілді деген кафедра меңгерушісінің рұқсат етілген қолымен Мемлекеттік аттестациялау комиссиясына қорғауға жіберіледі.

Дипломдық жұмысты қорғау студенттің қалауы бойынша қазақша немесе орыс тілдерінде жүргізіледі. Кафедраның ұсынысымен студент өз бетінше, қосымша дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұнын шет тілінде тапсыра алады, сәйкесінше сұрақтарды да шет тілінде қоюға болады.

Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі білім беру саласындағы өкілетті органдары бекіткен білім алушылардың үлгеріміне ағымдық, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестация жүргізу Ережесімен анықталады.

Дипломдық жұмысты қорғау мемлекеттік аттестациялық комиссиясының жартысынан кем емес мүшелерінің қатысуымен өтетін, ашық мәжілісте өткізіледі.

Дипломдық жұмысты қорғау студенттердің, бітіруші кафедра оқытушыларының қатысуымен көпшіліктің алдында ұйымдастырылады. Қорғауға ғылыми жетекшілері, пікір айтушылар шақырылады, сонымен қатар дипломдық зерттеулер жүргізілген ұйымдардың өкілдері және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар қатаса алады.

Бір дипломдық жұмысты қорғаудың ұзақтығы, ереже бойынша бір студентке 50 минуттан аспауы қажет.

Дипломдық жұмысты қорғау барысында студент мемлекеттік аттестациялық комиссияның және қатысушылардың алдында 15 минуттан кем емес уақыт аралығында баяндама жасап қорғайды. Студенттің қорғайтын жұмысы көрнекі плакаттар немесе слайдтармен интерактивті режимде болуы керек.

Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікірді (ғылыми жетекші қатысып отырған жағдайда өзі сөз сөйлейді) және рецензияны оқып таныстырады. Пікір және рецензиядағы ескертпелердің барлығына студент дәлелді түсіндірмелер береді.

Дипломдық жұмысты қорғау қорытындысы бойынша баллдық-рейтингтік әріптік жүйемен баға қойылады. Бағалауда студенттің теориялық деңгейі, ғылыми және тәжірибелік дайындығы, ғылыми жетекшінің пікірі және рецензия берушінің бағасы назарға алынады.

Дипломдық жұмысты қорғаудың қорытындысы әр студент бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссиясының отырысының хаттамасымен рәсімделеді және өткізілу күнінде хабарланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Закон РК «Об Образовании» от 27 июля 2007 г. №319-III ЗРК // Казахстанская правда. – 2007. – 23 августа (№22-25).

3. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. 5.03.-016-2009г. Система образования РК. Правила выполнения дипломной работы (проекта) в высших учебных заведениях.

4. Типовые правила проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в высших учебных заведениях. Утвержден приказом МОН РК от 18.03.2008 года №125

5. Уваров А.А. Дипломные и курсовые работы по экономическим специальностям: Практические советы по подготовке и защите. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2005. – 80 с.

А ҚОСЫМШАСЫ

АЭСА-ның «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі,
э.ғ.д., профессор К.Ж. Бертаеваға

5В050900 – «Қаржы» мамандығының 4 курс,
күндізгі / сырттай бөлімнің, _____ топтың
студенті _____

Мекен-жайы:

Үй телефоны: _____

Ұялы телефоны: _____

ӨТІНІШ

тақырыбындағы дипломдық жұмысты бекітуіңізді және ғылыми жетекші ретінде
_____ тағайындауыңызды
сұраймын.

Студенттің қолы _____

Датасы _____

Ғылыми жетекшімен келісілген: _____
(Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Б ҚОСЫМШАСЫ
АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ
«Қаржы» кафедрасы
5В050900 – «Қаржы» мамандығының ___ курс студенті

(Аты-жөні)

« _____ »

тақырыбына диплом жұмысын жазу және рәсімдеу бойынша
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР-КЕСТЕ

№ р/н	Дипломдық жұмыс кезеңдерінің атауы	Жұмыстың орындау кезеңдерінің мерзімі		Жетекшінің орындалғаны туралы қойылған белгісі
		Жоспарланған	Факт жүзіндегі	
1	Негізгі дерек көздері бойынша библиографияны құрумен әдебиетті таңдау, зерделеу және өңдеу			
2	Дипломдық жұмыстың жоспарын құру және оны ғылыми жетекшімен келісу			
3	Дипломдық жұмыстың бірінші тарауын жазу және оны тексеруге ұсыну			
4	Жұмыс орнынан / өндірістік (диплом алды) тәжірибеден өткен жері бойынша тәжірибелік материалдарды өңдеу, талдау және жүйелендіру			
5	Дипломдық жұмыстың екінші тарауын жазу және оны тексеруге ұсыну			
6	Дипломдық жұмыстың үшінші тарауын жазу және оны тексеруге ұсыну			
7	Тұжырым мен ұсыныстарды ғылыми жетекшімен келісу			
8	Дипломдық жұмысты келтірілген ескертулерге сәйкес қайта өңдеу (пысықтау) және ғылыми жетекшінің пікірімен бірге кафедраға ұсыну			
9	Қорғауға жіберу туралы кафедраның шешімі			
10	Дипломдық жұмысты кафедра меңгерушісі қорғауға жібергеннен соң сырттан тағайындалған оппонентке бағыттау және жазбаша түрдегі рецензия алу (қорғауға дейін 2 апта бұрын)			
11	Қорғауға шығарылатын баяндама тезистерін және кестелік-иллюстрациялық материалдарды құрастыру			

Дипломшы студент _____ Куптлеов А.Т.
(қолы)

Дипломдық жұмыс жетекшісі _____ Оналтаев Д.О.
(қолы)

В ҚОСЫМШАСЫ

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ

Кафедра _____

Мамандығы _____

«Бекітемін»

Кафедра меңгерушісі, э.ғ.д., профессор

_____ Бертаева К.Ж.

« _____ » _____ 201__ ж.

Дипломдық жұмысты орындауға ТАПСЫРМА

Студент

(Аты-жөні толық)

1. Дипломдық жұмыс тақырыбы

№ _____ « _____ » _____ 20__ жылғы академияның бұйрығымен бекітілген.

2. Аяқталған дипломдық жұмысты тапсыру мерзімі _____

3. Дипломдық жұмысқа пайдаланылған бастапқы деректер _____

4. Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалардың нақты көрсетілуімен)

5. Дипломдық жұмыс бойынша кеңесшілер (қатысты бөлімдердің көрсетілуімен)

Бөлім	Кеңесші, кафедра	Қолы, датасы	
		Тапсырма берілді	Тапсырма алынды

Тапсырманы беру датасы _____

Дипломдық жұмыс жетекшісі _____
(Аты-жөні, қолы)

Орындауға тапсырманы алған студент _____
(Аты-жөні, қолы)

Г ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Алматы экономика және статистика академиясы

Куптлеуов А.Т.

Қаржы нарығында ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту әдістері

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B050900 – «Қаржы» мамандығы

Алматы, 2019

Д ҚОСЫМШАСЫ**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі****Алматы экономика және статистика академиясы**

«Қорғауға жіберілді»
«Қаржы» кафедрасының
меңгерушісі, э.ғ.д., профессор
_____ К.Ж. Бертаева

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**Тақырыбы: «Қаржы нарығында ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту әдістері»****5B050900 – «Қаржы» мамандығы бойынша****Орындаған****А.Т. Куптлеуов****Ғылыми жетекші
э.ғ.к., профессор****Д.О. Оналтаев****Алматы, 2019**

Е ҚОСЫМШАСЫ

Дипломдық жұмыс мазмұнын рәсімдеу үлгісі

Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Салықтар және салық жүйесі дамуының теориялық аспектілері	7
1.1	Салықтар және салық жүйесінің экономикалық мәні	7
1.2	Қазақстан Республикасы салық жүйесі дамуының кезеңдері	22
1.3	Салық жүйесінің қызмет етуінің шетелдік тәжірибесі	37
2	Қазақстан Республикасы салық жүйесін дамытудың бағалау критерийлері	52
2.1	Тікелей және жанама салықтардың қызмет етуін талдау	52
2.2	Әуезов ауданы бойынша салық басқармасының фискалды саясаты	60
3	Ұдайы өндіріс үдерісінде салық салудың әлуетті мүмкіндіктері	69
3.1	Салық жүйесін жетілдіру – ұдайы өндіріс үдерісіне әсер ету, экономикалық белсенділікті реттеу тұтқасы	69
3.2	Қолданыстағы салық салу жүйесін жоғарылату тиімділігі	77
	Қорытынды	86
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	89
	Қосымшалар	92

Ж ҚОСЫМШАСЫ**АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ**

Кафедра _____

Мамандығы _____

Студент _____ дипломдық жұмысына
(Студенттің аты-жөні)**СЫН-ШҚІР**

Дипломдық жұмыс жетекшісі _____

(Аты-жөні, қызметі)

Дипломдық жұмыс тақырыбы _____

Сын-пікір берушіге жаднама:

Сын-пікір дипломдық жұмыстың оң және теріс жақтарын белгілей отырып, келесідей мәселелерді ашуы тиіс:

- дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі, оны дайындаудың толықтығы және кафедрамен берілген тапсырмаға ұсынылған дипломдық жұмыстың сәйкестігі;
- дипломдық жұмыста белгіленген өндірістік (ұйымдастырушылық) және құрылымдық (конструктивный) шешімдерді бағалау, жаңа техника мен технологияны пайдалану, жобалаудың (есептеудің) жаңа әдістерін пайдалану;
- қабылданған шешімдердің техника-экономикалық негіздеулерінің толықтығы;
- ғылыми жобада ғылыми зерттеулердің өзіндік шешімдердің бар болуы және ЭЕМ пайдалану;
- сызбаларды дайындаудың ұқыптылығы, түсіндірме жазбалардың нақтылығы мен сауаттылығы, Мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкестігі;
- дипломдық жұмыс (немесе оның құраушы бөлігі) оқу үдерісіне, өндіріске, ҒЗИ-на, әр түрлі ұйымдарға ендіруге (тәжірибелік пайдалануға) ұсынылуы мүмкін болуы. Дипломдық жұмыстың бағасы.

3 ҚОСЫМШАСЫ

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІСІНІҢ ШКІРІ

Студент _____

Тақырыбы: _____

1. Дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі және өңделу дәрежесі

2. Жұмыс авторының оны орындау үдерісінде дербестік деңгейі:

3. Дипломдық жұмыстың қойылатын талаптарға сәйкестігі, оң және теріс жақтары:

4. Қорытынды және қорғауға ұсыныстар: _____

Дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісі
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі)

(Аты-жөні)



